

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Жалмагамбетов Е.А.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы*

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен
"Қазақстанның соңғы онжылдықтағы шаруалары: әлеуметтік трансформация және тұрақтылық"
AP08052897 жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды*

Тарих ғылымының кейбір теориялық мәселелерін, оның деректік базасының кеңеюі, зерттеу құралдарының жаңа түрлерінің пайда болуы және күнделікті өмір тарихының қалыптасуы тарихты қайта қарауға мүмкіндік беріп отыр. Қазіргі таңда тарих ғылымында күнделікті өмір тарихы нық орнап, дәстүрлі зерттеу үрдістерінің өзгеруі, адамзат тарихының дамуына жаңа көзқарастар қалыптасып келе жатыр. Бұл әлемдік тарихнамадағы "антропологиялық бетбұрыс" нәтижесінде жүзеге асырылып, нақтылап айтқанда, әлемдік құрылымдарды күнделікті деңгейге алып келіп, адам және оның тарихи орны туралы жаңаша бағалау мүмкіндік береді. XX ғасырда пайда болған бұл бағыт зерттеушілердің назарына тұсып, күрделі саяси және тарихи құбылыстардың орнына, қарапайым адамның күнделікті өмірін зерттеу арқылы, белгілі кезеннің, хронологиялық шеңберде болатын тарихи процесстерін айқындауға мүмкіндік береді. Ресейде күнделікті өмір тарихы жаңа бағыт ретінде өткен ғасырдың соңында дамып, қазіргі таңда көптеген Ресей ғалымдары оны өзінің зерттеулеріндегі методологиялық негізіне алған. Ресейлік зерттеуші ғалым Н.Н.Козлованың пікірінше күнделікті өмір тарихын әлеуметтік-мәдени өмірдің тұтас бөлігі және адам қызметі мен өмірінің көріністерінің айғағы деп бағалайды [1,146]. Ресей тарихнамасында күнделікті өмір тарихы тарихи бағыт ретінде дамуы мен қалыптасуы тарихшы ғалым И.В.Свинцова пікірінше А.Терещенко, Н.Костомарова және И.Забелиналардың есімдерімен байланыстырады. Олар өздерінің назарларын адам өмірінің зерттеушінің қызығушылығын тудырмайтын тұрмыстық және материалдық жағына назар аударды. Өйткені адам қоршаған күнделікті өмірді жасап, өзін

қоршаған ортаны қалыптастырып және сол ортаға бейімделіп, жаңадан тұрмыстық, дін, дәстүрлік нормаларды жасайды [2]. Күнделікті өмір тарихының толық ғылыми-теориялық негіздемесі Германия тарихнамасында қалыптасып, дамыды. 1970-80 жылдары М.Планка тарих институтының бірқатар жас ғалымдары әлеуметтік-саяси үрдістермен құрылымдарды зерттеуден бас тартуды ұсынып, бұрын сонды қарастырылып келмеген, қарапайым адамның өмірін мен тарихын зерттеуді қолға алуды шақырды. Неміс тарихнамасындағы күнделікті өмір тарихының дамуы және кең етек алуы, неміс тарихнамасы шеңберінде қалмай, 1990 жылдары әлемдік ғылымда көрініс таба бастады. Неміс тарихнамасының жарқын өкілдері А.Людтке, Х.Медик, Р. Ван Дюлмен және басқада тарихшы-ғалымдар күнделікті өмір тарихын ғылыми бағыт ретінде қалыптастырды [3, 558б]. XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында күнделікті өмір тарихына Ресейлік зерттеушілер бас назарын аудара бастады. Бұл тенденцияны Ресей тарихшысы А.А.Аникеевтің пікірінше тарихи зерттеулердің басым бөлігі қарапайым адамның өмірі феноменіне мән беріліп, оның қылықтары мен күнделікті өміріне қоғам мен саяси құбылыстардың әсерін бағалап, оны зерттеумен байланыстырады [4, 6б]. А.Людтке күнделікті тарихты "адамдар арасындасындағы қайшылықтар пен қарым-қатынас, ауқатты және жұпынды, ішкі дүниесіндегі қарама-қайшылықтар жүйесі, естеліктер, махаббат, болашаққа деген үміт, киімі бар және кедей адамдар арасындағы қатынастар жиынтығының тарихи баяндалуы" деп бағалады [5, 77б]. Күнделікті өмір тарихын, американдық тарихшы Д.Винлингтың пікірінше, күнделіктіліктегі қарапайым адамның мемлекеттік зорлық пен қысымға қарсы бастион деп тұжырымдайды [6, 167б]. Билік бұл жағдайда, қоғамдық нормалардың күнделікті тарих өміріндегі реттеуші күші ғана емес, әлеуметтік тәжірибенің жасаушы және қалыптастырушы күш ретінде шығады. Соның нәтижесінде қоғамдық процесстер күрделі диалектикалық мәселесі және даму моделіндегі адамдардың билікпен қарым-қатынасы мен тайталасу формасына алып келеді [5, 366 б.б.]. Кеңестің жүргізілген зерттеу жұмыстары өзінің нәтижелерін бере бастады. Осы зерттеу жұмыстардың нәтижелері ғылыми

мақалаларда жазылып, ғылыми конференцияларды жарық көрді. Күнделікті өмір тарихына байланысты өткен алғашқы конференциялар бірі Ресейде өткен «Ресейлік күнделікті өмір. 1921-1941 ж.ж. зерттеудің жаңа бағыттары» атты халықаралық ғылыми конференциясы [7,229б]. Әсіресе зерттеу жұмыстарының басым көпшілі Кеңестік билік тұсындағы халық пен қарапайым адамның күнделікті өмірі арнайы тақырыптар болып зерттелді.

1999 жылы жарыққа шыққан Н.Б.Лебинаның «Повседневная жизнь советского города: нормы и аномалии 1920-1930 годы» атты еңбегінде зерттеуші кеңестік қалалардағы күнделікті өмір тарихын жақсы көрсеткен. Автор монография негізгі төрт тарауға бөліп, әр тарауда қалалардағы күнделікті өмір мен қала тұрғындарының өмірінің көріністері жақсы баяндалады. Зерттеу жұмысында негізгі қаралатын мәселелерге қалалардағы маскүнемдік, қылмыс, коммуналар, адамдардың бос уақытын қалай өткізетінің, жеке адамдардың өмірі және тұрғын үй сияқты күнделікті өмірдің көріністерін сипаттаған. Н.Б.Лебинаның пікірінше кез-келген қоғамда ресми емес қабылданған және бекітілген ережелер жиынтығы болады. Бұл адамдардың және қала тұрғындарының моралдік, дәстүрлік және қылықтарының жиынтықтар ережелері немесе нормалары [8, 12б]. Осы ережелер қоғамда үстем идиологияның немесе саяси биліктің ықпалымен қалыптасатын ережелер. Адамның қылықтары негізінен тұрмыстық және күнделікті өмірдегі құбылыстар әсерінен қалыптасады немесе өзгеріске ұшырайды. Қала тұрғындарының өміріндегі билікпен қарым-қатынасы, қоғамдағы орны, өзін сол қоғаммен байланысын сезіну және адамдардың әлеуметтік шиеленістерді шешуі күнделікті өмірдің көріністері болып келеді. Негізінен монографияда Ленинград қаласы тұрғындарының күнделікті өмірі қарастырылған.

Күнделікті өмір тарихы Ресей тарих ғылымында жоғары деңгейде дамып, көптеген зерттеу жұмыстарында зерттеліп, мақалалар жазылып, арнайы ғылыми конференциялар өткізіліп отырады. Күнделікті өмір тарихы өзінің ерекшелігімен тарих ғылымында өзіндік орнын алып келеді. Бұл бағыттың негізгі зерттеу объектісі жеке тұлға, оның қоғамдағы барлық құбылыстарға

әсері, қоғам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасы. Адам өз қоршаған ортаны жасай отырып, оған бір жағынан тәуелді болады. Өйткені, адам санасын тұрмыс қалыптастырады, адам және жеке тұлға үнемі қоғам алдында тәуелді болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Козлова Н.Н. Горизонты повседневности советской эпохи. СПб., 1999 г., 216 бет
2. Свинцова И.В. Городская повседневность в оценках российских исследователей// Вестник КарГУ, №4(52), 2008 г.
3. Людтке А. Что такое история повседневности? Ее достижения и перспективы в Германии? / Социальная история. 1998-1999. М., 1999.
4. Аникеев А.А. Мир и структура повседневности// Проблемы повседневности в истории, образа жизни. Сознание и методология изучения: сб.материалов межрегионального научного семинара. Ставрополь, 2001 г.
5. Schumann D. Gewalt als Grenzüberschreitung. Ueberlegungen zur Sozialgeschichte der Gewalt im 19 und 20. Jahrhundert // Archiv fuer Sozialgeschichte. 1997. № 37.
6. Давлетов А. Национал-социализм в современных украинских и немецких учебниках по истории: какое место отведено в них показу повседневной жизни? // Гісторія шtodзеннаці і праваы чалавека. Мат. Міжнар. конф. Ми.. 1—5 сиежня 1999 г. Мн., 2000.
7. З.Г.Сактаганова, К.К.Абдрахманова. «Историческая повседневность в современной Российской историографии// Вестник КарГУ, №1(45), 2007 г.
8. Н.Б.Лебина «Повседневная жизнь советского города», 1920-1930 г.г.» СПб, 1999 г. 316 б.